

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

БЕКІТЕМІН  
әл-Фараби атындағы  
Қазақ Ұлттық Университетінің  
оқу жұмысы жөніндегі проректоры  
\_\_\_\_\_ Д.Ж. Ахмед-Заки  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2014 ж.

Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті  
Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасы профессорының

ҚЫЗМЕТТІК НҰСҚАУЛЫҒЫ

ҚН ҚАЗҰУ 18-06-04

Көшірме	Код	Басылымы	Дайындаған	Келісілді	Келісілді
	ҚН ҚАЗҰУ 18-06- 04	Төртінші	Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті деканы Ө. Әбдиманұлы	Академиялық мәселелер жөніндегі Департамент директоры Хикметов А.Қ.	Құқықтық жұмыс және әскери жұмылдыруды қамтамасыз ету басқармасының бастығы Құрманалиев Б.О.
			Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының меңгерушісі А. Темірболат	Рейтинг және сапаны басқару жөніндегі бөлімінің басшысы Ергөбек Ш.Қ.	Кадр және мұрағат істері басқармасының басшысы Мадиярова А.С.

Алматы, 2014

	ҚазҰУ	Мерзімі: 2014	Басылуы: төртінші
	Кафедра профессорының қызметтік нұсқаулығы	ҚазҰУ ҚН 18-06-04	4 бет

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Кафедра профессоры міндетіне университет бойынша шыққан бұйрық негізінде дербес еңбек келісімшарты және факультет деканы мен кафедра меңгерушісі ұсынысы бойынша ауыстырылады және босатылады.

1.2 Профессор тікелей кафедра меңгерушісіне бағынады және қажет жағдайда факультет деканының жарлықтары мен нұсқауларын орындайды.

1.3 Профессор өзінің қызметінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2020 жылға дейінгі даму стратегиясын, «Кафедра туралы ережені» және осы нұсқаулықты, Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған процедураларын және т.б. басшылыққа алады.

## **2. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ**

2.1. Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, ғылыми дәрежесі, «профессор» ғылыми атағы және ғылыми-педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі кемінде 5 жыл болуы тиіс.

2.2. Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңдарын және басқа да білім беру саласының нормативтік құқықтық актілерін; білім беру жүйесін басқару теориясы мен әдістемесін; оқу жоспарларын дайындау тәртібін; оқу жұмыстарының құжаттарын жүргізу ережесін; кәсіби білім беру педагогикасын, физиологиясын, психологиясын және кәсіптік білім беру әдістемесін; студенттерге білім беру мен тәрбиелеудің қазіргі формалары мен әдістерін, экономика негіздерін, еңбек заңдарын; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын.

## **3. ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕРІ**

3.1. Жетекшілік ететін пәндері бойынша оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарын жоспарлайды, ұйымдастырады және бақылау жасайды. Кәсіби білім мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік жұмыстарға қатысады.

3.2 Барлық сабақ түрлерін жүргізеді, курстық, дипломдық жұмыстардың жобаларына, магистранттар мен PhD докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына және диссертацияларына жетекшілік жасайды. Кафедраның ғылыми жұмыс бағыттары бойынша ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысады және жетекшілік жасайды.

3.3 Жетекшілік жасайтын пәндері бойынша оқу жұмыс жоспарларының жасалуына және дайындалуына басшылық етеді. Әдістемелік комиссия құрамында мамандық бойынша кафедраның, факультеттің, ғылыми-әдістемелік кеңестің, жоғары оқу орнының ғылыми-әдістемелік жұмыстарына қатысады.

3.4 Жетекшілік ететін пәндерінің әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуін бақылайды.

3.5 Оқулықтардың, оқу құралдарының, оқу-әдістемелік құралдардың, дәріс конспектілерінің, жетекшілік жасайтын пәндері бойынша басқа да әдістемелік материалдардың дайындалуын ұйымдастырады және тікелей өзі қатысады, оларды баспаға дайындайды. Кафедраның оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарын жетілдіруге байланысты ұсыныстар береді.

3.6 Кафедрадағы зерттеу тақырыбы аясында ұйымдастырылатын семинарларға, мәжілістерге, конференцияларға, оның ішінде, халықаралық конференцияларға қатысады.

	ҚазҰУ	Мерзімі: 2014	Басылуы: төртінші
	Кафедра профессорының қызметтік нұсқаулығы	ҚазҰУ ҚН 18-06-04	4 бет

3.7 Кафедрадағы студенттердің ғылыми қоғамдарында жүзеге асырылатын студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырады және жетекшілік жасайды.

3.8 Кафедра оқытушыларының біліктілігін арттыруға қатысады, оларға педагогикалық шеберлік пен кәсіби дағдыларды игеру үшін әдістемелік көмек береді.

3.9 Кафедрадағы ғылыми педагог мамандарды дайындауға жетекшілік жасайды.

3.10 Жетекшілік жасайтын пәндері бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырады және жоспарлайды.

3.11 Мектеп оқушыларына кафедрадағы мамандықтар бойынша кәсіби бағдар беру жұмыстарына басшылық жасайды.

3.12 Ғылыми-техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық, құқықтық білімдерді насихаттауға қатысады.

3.13 Факультет студенттері мен кафедралардың оқытушыларының еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтауына бақылау жасайды. Жеке жоспар орындау туралы есепті дайындайды және ұсынады. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі нормаларын орындайды.

3.14 Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың корпоративті мәдени Кодекс ұстанымдарын сақтауға міндетті.

#### 4. ҚҰҚЫҒЫ

Кафедра профессорының мынадай құқығы бар:

4.1 Факультет, университет әкімшілігінің алдына кәсіби қызметтің тиісті шарттарын қамтамасыз ету мәселесін қоюға;

4.2 Оқу үдерісін ұйымдастыруға, халықаралық байланыстарды жүзеге асыруға қатысты ұсыныс енгізуге;

4.3 Кафедраның ғылыми, әдістемелік, ғылыми-әдістемелік және тәрбиелік қызметтерін қалыптастыруға қатысуға, кафедраның тақырыптық пәндері бойынша ғылыми-зерттеу жүргізуіне;

4.4 Белгіленген тәртіпте халықаралық, республикалық, университеттік және факультеттік ғылыми, әдістемелік съездер, конференциялар да, мәжілістер, семинарлар жұмыстарына қатысуға;

4.5 Өзінің негізгі жұмысына еш зияны тимейтін қызметтерді қоса атқаратын еңбек тәртібін жүзеге асыруға;

4.6 Еңбек туралы белгіленген заңнамадағы тәртіппен өзінің дербес еңбек келісім-шартын толықтыруына, өзгертуіне және бұзуына;

4.7 Стажировкадан өту жолымен (соның ішінде шет елде) жетекші оқу орындарында, мемлекеттік мекемелерде және басқа ұйымдарда кәсіби біліктілігін арттыру;

4.8 Белгіленген заң тәртібінде өзінің кәсіби ар-ожданын және абыройын сақтауға;

4.9 Материалдық активтер түрінде (ғылыми, әдістемелік еңбектер, патенттер, бағдарламалық қамтамасыз ету, білім беру технологиясы және басқалары, зияткерлік меншік құқығын қорғауға;

4.10 Факультет, университет әкімшілігі бұйрықтары мен жарлықтарына шағым айтуына;

4.11 Педагогикалық, ғылыми және тәрбиелік жұмысындағы табыстары үшін (материалдық және моральдық түрде) сыйақы алуға;

4.12 Кафедра, факультет, университет қызметтеріне байланысты мәселелерді талқылауға енгізуге құқығы бар.

	ҚазҰУ	Мерзімі: 2014	Басылуы: төртінші
	Кафедра профессорының қызметтік нұсқаулығы	ҚазҰУ ҚН 18-06-04	4 бет

## 5. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

5.1 Кафедра профессоры ғылыми-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбиелік қызметінің толық жауапкершілігін өзіне алады.

5.2 ҚазҰУ профессоры кафедрадағы еңбек тәртібін, педагогикалық әдеп нормаларын, факультет пен университеттегі ішкі еңбек тәртібі ережелерін сақтау жауапкершілігін өзі мойнына алады.

Қызметтік нұсқауымен таныстым:

Профессор Ө. Әбдиманұлы \_\_\_\_\_

Профессор Әбдезұлы Қ. \_\_\_\_\_

Профессор Бисенғали З. \_\_\_\_\_

Профессор Кәкішұлы Т. \_\_\_\_\_

Профессор Тілепов Ж. \_\_\_\_\_

Профессор Сейітжанов З. \_\_\_\_\_

Профессор Мәдібаева Қ. \_\_\_\_\_

Профессор Абдулина А. \_\_\_\_\_